11 ТАМЫЗ,
СЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№86 (23 700)

ORTALYQ QAZAQSTAN

95 ЖЫЛ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● ҚҰРМЕТ

Ұлы тұлға ұлықталды

Кеше Абай күніне орай Қарағанды қаласында хакімнің ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, ғұламаға құрмет көрсетілді. Ақынның шығармашылығына арналған концерттік және поэзиялық бағдарлама бұл күннің мәнін еселей түсті. Абайдың әндері әуелеп, өлеңдері жүрекке жол тауып жатты.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей Абай мұрасының ұлттық руханияттағы маңызына тоқталды.

– Абай – бір дәуірдің ғана емес, ұлттың әр кезеңіне жол көрсететін ойшыл. Ол – барша адамзатқа ортақ құндылықтарды дәріптеген кемеңгер. Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла», «Ғылым таппай мақтанба» деген өсиеті – бүгінде ел дамуының, интеллектуалды ұлт болып қалыптасудың темірқазығы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Абайдың рухани мұрасы еліміздің жаңғыру жолындағы басты бағдардың бірі екендігін атап өтті. Бүгінде Абайдың «Толық адам» ілімі Мемлекет басшысы ұстанған Әділетті қоғам идеясымен үндеседі. Сондықтан, Абай мұрасын насихаттауды болашаққа салынған инвестиция деп қабылдаған жөн, – деді Әлібек Әлденей.

Сондай-ақ, Әлібек Үсенұлы Қарағанды өңірінің Абай әлемімен тарихи байланысы тереңдігін де атап өтті.

– «Қарқаралы – Құнанбай қажы ел басқарған, Ибраһимнің жастайынан ат басын бұрған киелі мекен. Бұл тарихи сабақтастық Абай әлемінің Арқа жұртына айрықша жақын екендігін аңғартады. Ғұламаның ізі қалған киелі топырақта өмір сүріп жатқан біз – сол рухани сабақтастықты жалғастырушы ұрпақпыз», – деді ол.

Қарағанды облысында ұлы ойшылдың мұрасын дәріптеуде көптеген жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқаны да атап өтілді. Мәселен, мектептерде «Абайтану» курстары ашылып, ақынның өлеңдері мен қара сөздерін насихаттауға бағытталған түрлі байқаулар ұйымдастырылуда.

Былтыр Абайдың 180 жылдығына орай өңірде кешенді жоспар қабылданып, көптеген іс-шаралар іске асырылды. Биылдың өзінде 155-ке жуық шара өтіпті.

Былтыр өңірімізде бастау алған «Кітап оқитын ұлт» жобасы бойынша оқылатын кітаптардың тізіміне Абайдың өлеңдері мен кітаптары да енгізілген екен.

Іс-шара барысында қазақ әдебиеті мен Абай мұрасын кеңінен насихаттауға бағытталған «Paraqta.kz» цифрлық платформасының таныстырылымы да өтті.

Платформа оқырманға кітап оқуды жүйелеуге мүмкіндік беретін үш негізгі функция ұсынады. Біріншісі – оқу сессиясы. Оқырман таймерді қосып, кітап оқуға жұмсаған уақытын белгілей алады және оқыған бетін тіркейді. Екіншісі – оқылған кітапқа пікір қалдырып, басқа оқырмандармен ой бөлісу мүмкіндігі. Үшіншісі – жалпы оқырмандар арасында өз нәтижесін бақылау мүмкіндігі. Яғни, платформа пайдаланушыға кітапты жалғыз оқымай, ортақ оқырман қауымымен бірге оқуына мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда платформада 4182 оқырман тіркелген. Жоба іске қосылған 11 ай ішінде пайдаланушылар жалпы 752 615 бет кітап оқыған.

Мерекелік бағдарламаның маңызды бөлігі – ашық аспан астындағы «Book Picnic» әдеби оқу алаңының ашылуы. Жоба кітап оқу мәдениетін дамытуға және зерделі ұрпақ қалыптастыруға бағытталған.

Алаңда қала тұрғындары мен қонақтары табиғат аясында кітап оқып, Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріне үңіліп, рухани тынығуға мүмкіндік алды. Әдеби алаң оқырмандардың басын қосып, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруды көздейді.

Ашық аспан астындағы кітапхананың ең жас оқырманы – 8 жастағы Алуа. Әріп таныққаннан бері кітап оқуды әдетке айналдырған ол қазір Абай Құнанбайұлының және басқа да ойшылдардың шығармаларын сүйіп оқиды.

– Кітап оқу маған білімді болуға көмектеседі, – дейді Алуа.

Іс-шараға қатысқан қала тұрғыны Алтынай Мұхтарова да Абай шығармашылығының жастар үшін маңызы зор екенін атап өтті.

– Мектеп жасымнан бастап кітап оқимын. Абайды да мектеп қабырғасынан бастап сүйіп оқимын және әндерін жақсы көремін. Қазіргі жастар Абайды көп оқыса, болашаққа дұрыс жол ашуына көмектесер еді, – дейді қала тұрғыны.

Ұлы Абайдың мұрасын дәріптеуге арналған іс-шара ақын шығармашылығының бүгінгі қоғам үшін маңызын тағы бір мәрте айқындап, кітап оқу мәдениетін насихаттауға және өскелең ұрпақтың рухани дамуына ықпал етері хақ.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026

ЖИ-ді оқып, меңгереді

Технологиялардың қарқынды дамуы, еңбек нарығы талаптарының өзгеруі және жасанды интеллектінің барлық салаға дендеп енуіне байланысты білім беру мазмұнын жаңартуда жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы Республикалық педагогтердің тамыз конференциясында берген тапсырмасына сәйкес қолға алынып, сол жылдың қыркүйегінен бастап, кезең-кезеңімен іске асырылып келеді. Кейін жұмыстың құқықтық негізі нығайтылды. 2025 жылғы қарашада «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, ал, 2026 жылғы мамырда орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу жөніндегі Президент Жарлығы қабылданды.

Осы құжаттарды іске асыру аясында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары жаңартылды. Атап айтқанда 1-4-сыныптардағы «Цифрлық сауаттылық» пәні «Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект», ал 5-11-сыныптардағы «Информатика» пәні «Информатика және жасанды интеллект» болып өзгертіледі.

– Бұл тек пән атауларының өзгеруі емес. Жасанды интеллект цифрлық технологиялар мен информатиканың ажырамас бөлігіне айналды. Осыған байланысты пәндердің мазмұнына жасанды интеллект бойынша жаңа бөлімдер мен барлығы 43 оқу мақсаты енгізілді. Бүгінде оқушылар жасанды интеллект құралдарын күнделікті қолданып жүр. Енді міндет – оларды бұл технологияны жай ғана пайдалануға емес, саналы, тиімді және жауапты қолдануға үйрету, – деп хабарлады Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Орта білім институты директорының орынбасары Пернегүл Таубай.

1-4-сынып оқушылары «Медиасауаттылық және ЖИ» бөлімі аясындағы 17 оқу мақсаты бойынша жасанды интеллектімен күнделікті өмірден алынған қарапайым мысалдар арқылы танысады. Олар цифрлық қауіпсіздік, жеке деректерді қорғау және цифрлық ортадағы жауапты мінез-құлық негіздерін меңгереді.

5-9-сынып оқушылары «Компьютерлік ойлау және бағдарламалау», «Денсаулық, қауіпсіздік және ЖИ» бөлімдері аясындағы 14 оқу мақсаты бойынша жасанды интеллект құралдарын оқу процесінде тиімді қолдануды, сауатты сұраныстар құрастыруды, алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан бағалауды, сондай-ақ, киберқауіпсіздік пен академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды үйренеді.

10-11-сыныптарда «Деректерді басқару және жасанды интеллект» бөлімі аясындағы 12 оқу мақсаты бойынша жасанды интеллектінің жұмыс істеу қағидаттарын түсінуге және оны практикада қолдануға басымдық беріледі. Оқу мазмұнына машиналық оқыту, нейрондық желілер, деректерді талдау және қолданбалы криптография негіздері енгізілген.

Жаңартылған оқу бағдарламалары өткен оқу жылында апробациядан сәтті өтіп, оң сараптамалық қорытынды алды. Қазіргі уақытта олар белгіленген тәртіппен бекітілу сатысында.

Сонымен қатар, педагогтер үшін білім беру процесінде жасанды интеллектіні тиімді және қауіпсіз қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленуде.

«Бар жақсылық – балаларға»

Әрбір бала сапалы білім алуы тиіс. Әсіресе, әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балаларын қолдау – мемлекет назарындағы маңызды міндеттің бірі. Осы мақсатта облыста 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» акциясы жалғасады. Акцияның негізгі мақсаты – жаңа оқу жылы қарсаңында қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларға жан-жақты көмек көрсету, мектепке толық дайындау.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Мейіржан Сыздықовтың айтуынша, жаңа 2026-2027 оқу жылында өңір мектептерінде 175 мыңнан астам оқушы білім алады. Оның ішінде, 15 мыңнан астам бала бірінші сыныпқа қабылданған. Сондықтан, білім беру ұйымдарының, ата-аналардың және қоғамның ортақ міндеті – әрбір баланың жаңа оқу жылын уақытылы, жайлы бастауына жағдай жасау.

Акция аясында облыста бірқатар қайырымдылық және әлеуметтік іс-шаралар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, «Балаларға жақсылық сыйла!», «Ауыл балаларына – мектепке сыйлық», «Отбасы отбасына көмектеседі: Баланы мектепке бірге даярлайық!» қайырымдылық акциялары өтеді. Сонымен қатар, «Түнгі қаладағы балалар» және «Қамқор» профилактикалық рейдтері балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғау жұмыстары күшейтіледі. Бұдан бөлек, облыстың барлық қала және ауданында отандық өндірушілер мен кәсіпкерлердің қатысуымен мектеп жәрмеңкелері өткізіледі. Онда ата-аналар мектеп формасын, аяқ киім мен кеңсе тауарларын қолжетімді бағамен сатып алады.

Акция аясында мемлекеттік материалдық көмек көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылардың балаларына, сондай-ақ, білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушыларға көрсетіледі. Ал, өзге санаттарға жатқызу қиын өмірлік жағдай туындаған кезеңге ғана, бірақ бір тоқсаннан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады. Бұл тәртіп Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы №192 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

Биыл мемлекеттік қолдау көрсету тәртібіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 12 наурыздағы №165 қаулысына сәйкес отбасының табысын тексеру рәсімі толықтай цифрлық форматқа көшірілді.

➤ 3-бет

Кедергісіз орта кемелдікке бастайды

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту мәселесі қаралды. Өңірде бұл бағытта мемлекеттік қолдаудың бірнеше тетігі іске асырылып, азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастырумен қатар, жаңа кәсіп меңгеруге, өз ісін бастауға мүмкіндік беріліп келеді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында атқарылған жұмыстар туралы облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғалымжан Спабеков баяндады.

– Бүгінде аймақта 54,5 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұрады. Оның 27 мыңға жуығы – еңбекке қабілетті жаста. Қазір 10,7 мыңнан астам адам тұрақты еңбекпен қамтылған. Яғни, еңбекке қабілетті мүгедектігі бар азаматтардың жұмыспен қамтылу үлесі 39,8 пайызды тігі бар азаматтардың жұмыспен қамтылу үлесі 39,8 пайызды құрайды. Бұл – республикалық көрсеткіштен 9,8 пайызға жоғары. Жыл басынан бері жұмыспен қамту шараларына 1382 адам тартылып, соның 887-сі жұмысқа орналасқан. Олардың бір бөлігі бос жұмыс орындарына қабылданса, өзгелері субсидияланатын жұмыс орындары, қоғамдық жұмыстар, «Күміс жас», «Алтын жас» жобалары мен әлеуметтік жұмыс орындары арқылы еңбекке араласты. Жаңа кәсіп игеруге ниетті азаматтарға да мүмкіндік қарастырылған, – деді Ғалымжан Спабеков.

Басқарма басшысының баяндауынша, кәсіпкерлікке бет бұрғандар үшін қайтарымсыз грант тетігі бар. Биыл мұндай гранттардың саны былтырғы 225-тен 510-ға дейін ұлғайған. Алғашқы лекте мүгедектігі бар 32 адам және мүгедектігі бар балаға күтім жасайтын 26 азамат грант иеленді. Олар қоғамдық тамақтану, тігін ісі, автокөлік жөндеу, сұлулық индустриясы, білім беру, мал шаруашылығы секілді түрлі бағытта кәсіп бастауға мүмкіндік алды.

Жұмыс берушілерге қойылатын талап та күшейіп келеді. Биыл өңірде мүгедектігі бар азаматтарға арналған квоталық жұмыс орындарының саны 291-ден 562-ге дейін артты. Квота облыстағы 53 жұмыс берушіге белгіленген. Бірінші жартыжылдықта осы орындарға 230 адам жұмысқа орналастырылған.

Сонымен қатар, мүгедектіктің сипатына қарай бейімделген арнайы жұмыс орындарын ашуға да басымдық берілді. Биыл олардың санын 13-тен 20-ға жеткізу жоспарланған. Жыл басынан бері есту және көру қабілеті осал азаматтарға арналған 11 арнайы жұмыс орны құрылды.

Мемлекеттік қолдаудың нақты нәтижесін жиында кәсіпкерлер де бөлісті. Арнайы және формалық киім өндіретін «Дедал» фирмасының басшысы Равиль Шаипкин кәсіпорында 60-қа жуық адам еңбек ететінін айтты.

– Мемлекеттік қолдау шаралары мұқтаж азаматтарға нақты мүмкіндік берумен қатар, бизнесті әлеуметтік бағытта жұмыс істеуге ынталандырады. Бізде мүгедектігі бар екі адам тұрақты түрде жұмыс істейді, жеті адам арнайы жұмыс орны арқылы, тағы бір қызметкер субсидияланатын жұмыс орнында еңбек етеді. Бұдан бөлек, Қарағандыда құлақ мүкістігі бар азаматтарға тағы үш арнайы жұмыс орнын ашу мақұлданған. Абай ауданында да кәсіпорынның арнайы жұмыс орындарында үш азамат еңбек етуде, – деді кәсіпкер.

Өңірде жұмыспен қамтуға көмектесудің жаңа тәсілдері де енгізіле бастады. Шілде айынан бері «JOB COACH» жобасы жүзеге асырылуда. Оның аясында Тең мүмкіндіктер орталығы ашылып, онда арнайы даярлықтан өткен мамандар, ым тілі маманы мен психолог қызмет көрсетеді. Орталыққа осы уақытқа дейін 50 адам жүгініпті. Олардың екеуі тұрақты жұмысқа орналасып, тағы бірнеше азамат жұмыспен қамту шараларына қатысуға жолданған.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мүгедектігі бар азаматтарды еңбекке тарту жұмысын одан әрі жандандыру қажеттігін атап өтті. Жұмыс орындарын ашу, мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану және жұмыс берушілермен байланысты күшейту бағытындағы міндеттердің орындалуын бақылауды орынбасары Ораз Тәуірбековке жүктеді.

Қарағанды футболының жаңа дәуірі

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қарағандыда футбол инфрақұрылымы түбегейлі жаңаруда. Он гектар аумақта «Шахтер» футбол клубының заманауи академиясы бой көтеріп жатса, қаланың басты спорт аренасы – «Шахтер» стадионы халықаралық талаптарға сәйкестендірілуде. Сұрыптау ықшамауданындағы «Локомотив» стадионы да жаңғыртылып жатыр. Осы үш нысан болашақта жас футболшыларды даярлаудан бастап, жоғары деңгейдегі жарыстар өткізуге дейінгі тұтас футбол кластерінің негізін қаламақ.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Академияның құрылыс алаңындағы жұмыс барысымен Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Freedom QJ League президенті Рохус Шох танысты.

Жаңа оқу-жаттығу орталығының ауқымы үлкен. Шамамен 10 гектар аумақта 3,5 мың көрерменге арналған стадион, жыл он екі ай жаттығуға мүмкіндік беретін жабық манеж және толық өлшемді жаттығу алаңы салынады. Бұдан бөлек, оқу сыныптары, медициналық блок, жатақхана, бассейн және басқа да қажетті бөлмелер орналасатын әкімшілік-тұрмыстық кешен қарастырылған.

Жобаны Freedom Holding Corp компаниясы облыс әкімдігімен жасалған меморандум аясында қаржыландыруда.

Қазір бір мезгілде бірнеше бағытта жұмыс жүріп жатыр. Әкімшілік-тұрмыстық кешен, стадион мен жабық манеж салынып, жаттығу алаңы абаттандырылуда.

Алаңның өзіне де айрықша талап қойылған. Мұнда халықаралық стандарттарға сай технологиялар қолданылмақ.

– Бүгінде жаттығу алаңының дренаж жүйесін толық аяқтап, келесі кезеңдерге кірістік. Мұнда халықаралық стандарттарға сай заманауи жылыту, автоматты суару және жабын технологиялары

қолданылады. Мұндай шешімдер Еуропа стадиондарында пайдаланылады және алдағы уақытта FIFA сертификатын алуға мүмкіндік береді, – деді «ИнтерСтрой НС» компаниясының басқарушы директоры Закир Азнабакиев.

Оның айтуынша, жыл соңына дейін негізгі монолиттік жұмыстарды, манеждің іргетасын және инженерлік желілердің басым бөлігін аяқтау жоспарланған. Келесі жылы құрылысшылар ішкі әрлеуге кірісіп, көгал төсеп, аумақты абаттандырмақ.

Футбол кластерінің тағы бір бөлігі – Сұрыптау ықшамауданындағы «Локомотив» стадионы.

Мұндағы қайта жаңғыртудың ең күрделі кезеңі аяқталған. Ендігі кезек – алаңның жасанды жабыны мен жарықтандыру жүйесінде.

– Негізі толық дайын. Жақын арада жасанды жабынды төсеуге кірісеміз. Қыркүйекте алаң мен жарықтандыру жүйесін орнатып, сынақтан өткізу үшін іске қосуды жоспарлап отырмыз, – деді облыстық футбол қауымдастығының даму жобаларының жетекшісі Игорь Агафонов.

Алайда, стадионды жаңарту тек жаңа алаң төсеумен шектелмеуі керек. Нысанды аралаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев осыған назар аударды.

– Егер мұнда турнирлер өткізілетін болса, сапалы көрермен мінберлері де болуы керек. Оларды қай жерге орналастырған тиімді екенін қарастырып, шатырмен жабдықтаңыздар. Келесі жылы аумақты толық абаттандырып, жүгіру жолақтарын салыңыздар. Айналаның барлығы жаңа алаңның деңгейіне сай болуы тиіс, – деді облыс әкімі.

Демек, «Локомотив» тек футболшылар жаттығатын алаң емес, көрермен қабылдап, жарыс өткізуге лайық толыққанды спорт кеңістігіне айналуға тиіс.

Қарағанды футболының тарихымен біте қайнасқан «Шахтер» стадионында да ауқымды жаңғырту жүріп жатыр. Мұндағы футбол алаңы толық жаңартылып, италиялық көгал төселді. Сұйықтықпен жылыту жүйесі, заманауи жарықтандыру және дыбыс жабдықтары орнатылды. Жыл соңына дейін командалар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған бөлмелерді жөндеу аяқталып, қосалқы ойыншыларға жаңа орындықтар қойылмақ.

Бірақ бүгінгі стадионға қойылатын талап алаң сапасымен ғана өлшенбейді. Футбол – ең алдымен, көрермен үшін өтетін ойын. Сондықтан жаңғырту барысында жанкүйерге жасалатын жағдайға да басымдық берілмек.

– Стадион барлық жанкүйер үшін жайлы болуы керек. Әртүрлі аймақтарды қарастырған жөн. Ыңғайлы орындар, ата-аналар балаларымен емін-еркін келетін отбасылық секторлар болуы қажет. Заманауи футбол мәдениеті дәл осылай қалыптасады. Бұл мәселені командамызбен бірге жан-жақты пысықтаймыз, – деді Freedom QJ League президенті Рохус Шох.

«Шахтер» стадионының директоры Нұрлан Рыстиннің айтуынша, алаң бүгінде FIFA мен UEFA талаптарына толық сәйкес келеді.

– Қазір жарықтандыру жүйесін орнату аяқталуға жақын. Келесі аптаның соңында жабдықтарды іске қосу үшін Philips компаниясының мамандары келеді. Сондай-ақ, ішкі бөлмелер мен сауықтыру кешенін жөндеу жалғасып жатыр. Келесі жылы көрермендерге арналған 19 мың орындықтың барлығы жаңасына ауыстырылады, – деді Нұрлан Рыстин.

Жұмыс сапары Қазақстан чемпионаты Бірінші лигасындағы Қарағандының «Шахтер» командасы мен Ақтаудың «Каспий М» клубы арасындағы матчпен түйінделді. Кездесуде алаң иелері 1:0 есебімен жеңіске жетті.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Құрылысшылар құрметтелді

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды облысында биыл 600 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілмек. Мұнымен қатар, өңірде денсаулық сақтау, спорт және шығармашылық салаларына арналған бірқатар ірі әлеуметтік нысанның құрылысы қолға алынған. Олардың қатарында заманауи перинаталдық орталық пен жаңа спорт стадионы бар. Ауқымды жобалардың жүзеге асуында құрылысшылардың еңбегі айрықша. Кәсіби мерекеге орай облыс әкімдігінде сала мамандарына құрмет көрсетіліп, еңбегімен ерекшеленген құрылысшылар марапатталды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірдегі құрылыс ауқымы тұрғын үймен шектелмейді. Соңғы жылдары әлеуметтік инфрақұрылымды жаңарту бағытында да елеулі жұмыстар атқарылып келеді. Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба аясында үш жылдың ішінде облыста 98 медициналық нысан пайдалануға берілген.

Қазір Қарағандының Майқұдық ауданында заманауи Шығармашылықты дамыту орталығы бой көтеріп жатыр. №3 көпбейінді ауруханаының онкологиялық корпусына жапсаржай салынуда. Алдағы уақытта жаңа перинаталдық орталықтың құрылысы басталмақ.

Өңірдегі тағы бір ауқымды жоба – жаңа спорт стадионы. Қазір оған қажетті инфрақұрылым жобаланып жатыр. Болашақ кешен бірнеше ірі нысанды біріктіреді.

Құрылысшыларды кәсіби мерекесімен құттықтаған облыс әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжанов сала мамандарының еңбегі өңір экономикасы мен халықтың тұрмыс сапасына

тікелей ықпал ететінін атап өтті.

– Сіздер өңіріміздің тұрақты дамуына, экономикалық әлеуетінің нығаюына және тұрғындардың әл-ауқатының артуына зор үлес қосып келесіздер, – деді Азамат Тайжанов.

Салтанатты жиында құрылыс саласының бірқатар қызметкеріне облыс әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табысталды. Марапат иелерінің арасында осы салада ондаған жыл еңбек еткен тәжірибелі мамандармен бірге жаңа буын өкілдері де бар.

Азамат Төребековтің құрылыс саласындағы еңбек өтілі отыз жылға жуықтайды. Бүгінде ол Балқаш қаласында тұрғын үйлер мен коммуналдық инфрақұрылым нысандарын салып жатқан кәсіпорынды басқарады.

Осы жылдар ішінде құрылыс технологиясы да, оған қойылатын талап та өзгерді. Алайда, маман үшін ең басты өлшем сол күйінде қалған – сапалы жұмыс пен ел алдындағы жауапкершілік.

Ал, Айдос Бекмағанбеттің құрылысқа келген жолы өзгеше. Мамандығы бойынша заңгер болған ол еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастап, құрылыс ісінің қыр-сырын тәжірибе арқылы меңгерген. Бүгінде Қарағандыда жаңа көпқабатты тұрғын үйлер салып жатқан компанияны басқарады.

– Құрылыс саласы қарқынды дамып келеді, оның болашағы зор. Бұл – ел игілігі үшін еңбек етіп, өзінен кейін нақты нәтиже қалдырғысы келетін жандарға арналған мамандық, – дейді Айдос Бекмағанбет.

Ол жастарды құрылыс саласынан қорықпай, осы бағыттағы мамандықтарды таңдауға шақырады. Себебі бүгінгі құрылыс бұрынғыдай тек қара күшке сүйенетін кәсіп емес. Заманауи технология, инженерлік есеп, цифрлық шешімдер мен жаңа материалдар саланың сипатын түбегейлі өзгертіп келеді.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Бейқамдыққа жол жоқ!

Облыстық полиция департаментінің табиғатты қорғау полициясы, Балқаш қаласы полиция бөлімінің желілік полиция бөлімшесі және төтенше жағдайлар басқармасы бірлесіп, көл акваториясында рейдтік-алдын алу шараларын жалғастырып келеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тексерудің негізгі мақсаты – судағы жазатайым оқиғалардың алдын алып, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және шағын көлемді кемелерді пайдалану тәртібінің сақталуын бақылау. Рейд барысында тәртіп сақшылары катер, қайықтардың көмегімен көлдің акваториясын, демалыс орындары мен жағажайларды патрульдеп, тұрғындар мен туристерге судағы қауіпсіздік қағидаларын түсіндірді.

Бақылау нәтижесі қауіпсіздік талаптарын елемейтіндердің әлі де бар екенін көрсетті. Рейд кезінде кемені басқару құқығы жоқ азаматқа су көлігін сеніп тапсыру және тиісті куәлігі жоқ адамның қайық басқаруы секілді заң бұзушылықтар анықталды. Сонымен бірге, үш адамның құтқару кеудешесінсіз су көлігіне мінгені белгілі болды.

Бұдан бөлек, жеті жасқа дейінгі баланы белгіленген талаптарды сақтамай серуендетудің бір дерегі тіркелді. Сондай-ақ, екі кеме иесі өрт қауіпсіздігі ережелерін бұза отырып жанармай құйса, бір кемеге жолаушыларды мінгізерде сыйымдылық мөлшерін асыра пайдаланған. Одан бөлек, екі демалушы су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бұзған және бір адам кеме бортына қоқыс тастап, тазалық әдебін сақтамаған.

Заң талаптарын бұзған барлық азаматқа Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес тиісті әкімшілік шаралар қолданылды.

Мамандар судағы қауіпсіздік талаптарын сақтаудың әр адамның өз өмірі мен өзгенің амандығына деген жауапкершілігі екенін еске салады.

Құқық қорғау органдарының мәліметінше, Балқаш көлінің акваториясында профилактикалық және рейдтік іс-шаралар жазғы демалыс маусымы аяқталғанға дейін тұрақты түрде жалғасады.

Өзекті мәселелер ортақ талқыда

Сайлауалды науқан аясында аймақта бірқатар қоғамдық кездесулер өтіп, онда азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелер талқыланды. Түрлі салалар өкілдерімен өткен жиындар барысында денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, әлеуметтік қолдау, қолжетімді орта қалыптастыру, экологиялық қауіпсіздік, білім беру сапасы, кәсіпкерлікті дамыту және еңбек қатынастары бағытындағы бастамалар қарастырылды. Кездесулерде партиялардың сайлауалды бағдарламалары таныстырылып, қатысушылар өз ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салды.

Сурет ЖИ

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, «Әділет» партиясының облыстық штабы Қарағандыдағы №8 емхананың еңбек ұжымымен кездесу өткізді. Жиында денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелері, медициналық қызмет сапасын арттыру және халыққа көрсетілетін көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету бағыттары талқыланды.

Кездесуде партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылды. Атап айтқанда, денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамаларға назар аударылды.

Қатысушылар өздерін толғандырған мәселелерін көтеріп, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Кездесу барысында қойылған сұрақтарға жауап беріліп, алдағы сайлау үдерісі мен ұсынылып отырған бастамалар жөнінде ақпарат берілді.

Ал, Қарағандыдағы Саңырауларға мәдениет үйінде Қазақстанның «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы» облыстық филиалы штабының ұйымдастыруымен «Қолжетімді орта және тең мүмкіндіктер» тақырыбында кездесу өтті.

Жиында сайлауалды бағдарлама бағыттары таныстырылып, кедергісіз орта құру, білім алуға, денсаулық сақтау қызметтеріне, еңбекке және мемлекеттік қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелеріне назар аударылды. Қатысушылар әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігі, медициналық қызмет сапасына қатысты өз ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салды.

Кездесуде айтылған ұсыныстар алдағы жұмыстарда ескерілетіні атап өтілді. Жиын азаматтардың пікірін тыңдау, өзекті мәселелерді талқылау және қоғамда әр адам үшін тең мүмкіндік пен қолжетімді орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жетілдіруге арналды.

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясының экологиялық үгіт-насихат керуені «Арал-Астана» бағыты бойынша жұмысын бастады. Керуен сапары Арал қаласынан басталды. Арал өңірі ұзақ жылдар бойы жаһандық экологиялық мәселелерді шешу, табиғатты қорғау мен орнықты даму бағытындағы маңызды тәжірибе қалыптасқан аймаққа айналды.

Керуеннің негізгі мақсаты – қоғам, сарапшылар, мемлекеттік органдар мен азаматтар арасында экологиялық мәселелер бойынша ашық пікір алмасу алаңын қалыптастыру және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін дамыту.

«Байтақ» партиясы өкілдері экологиялық саясатты жүзеге асыруда кәсіби мамандардың тәжірибесі мен сараптамасының маңыздылығын айтады. Осыған байланысты экология саласы мамандарының Құрылтай жұмысына қатысуы, экологиялық заңнаманы жетілдіру және стратегиялық шешімдерді әзірлеу үдерісіне атсалысуы маңызды деп есептейді.

Қазақстан Халық партиясының сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясында Қарағанды индустриялық университетінің ұжымымен кездесу өтті. Жиынға қоғамдық бірлестіктер мен кәсіподақ ұйымдарының өкілдері қатысып, білім беру, еңбек және әлеуметтік саясат бағытындағы өзекті мәселелер талқыланды.

Кездесу барысында Қазақстан Халық партиясының «Ел байлығы – халық игілігіне!» атты сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылды. Атап айтқанда, жоғары білім беру жүйесін дамыту, білікті мамандар даярлау, қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқығын қорғау және қоғамдық ұйымдармен байланысты нығайту мәселелеріне назар аударылды.

Жиын барысында қатысушылар өз ой-пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын ортаға салды және көтерілген мәселелер бойынша сауалдарын қойды. Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтіп, тараптар білім беру, еңбек және әлеуметтік бағыттар бойынша өзекті мәселелер жөнінде ой бөлісті.

Ал, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының өкілдері Нұра ауданының Шахтер ауылына жұмыс сапарымен барып, тұрғындармен және шаруашылық ұжымымен кездесті. Сапар барысында ауыл шаруашылығы нысандары, егістік алқаптары, суару жүйелері және өндірістік орындардың жұмысы қаралды.

Кездесу барысында ауыл шаруашылығын дамыту, тұрақты жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымды жетілдіру, заманауи агротехнологияларды енгізу және жастарды ауылдық жерлерде еңбек етуге ынталандыру мәселелері талқыланды. Тұрғындар өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіріп, өңірдегі өзекті мәселелерді көтерді.

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу бағытындағы жұмыстарға назар аударылды. Сонымен бірге, ауыл тұрғындарының ұсыныстарын ескере отырып, нақты мәселелерді шешу бағытындағы бастамалар сөз болды.

«Ақ жол» демократиялық партиясының өкілдері Қарағанды облысындағы «Үркер-АШ» ЖШС еңбек ұжымымен кездесу өткізді. Жиын барысында партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылып, өндіріс пен кәсіпкерлік салаларын дамытуға қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Одан бөлек, отандық өндірісті қолдау, өңдеуші кәсіпорындардың әлеуетін арттыру, салық саясатын жетілдіру сынды бағыттарға назар аударылды. Сондай-ақ, кәсіпкерлерге түсетін әкімшілік жүктемені азайту, инвестиция тарту және қазақстандық өндірушілерді қолдау тетіктері жөнінде пікір алмасты.

Жиын барысында қатысушылар өз ұсынысы мен ой-пікірін ортаға салып, өңір экономикасын дамытуға қатысты мәселелерді көтерді. Кездесуде ашық әңгіме өрбіп, өндірісті өркендету, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау және тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету бағыттары талқыланды.

«Respublica» партиясының сайлауалды науқаны аясында облыстың шағын және орта бизнес өкілдерімен кездесу өтті. Жиын барысында кәсіпкерлерді толғандыратын өзекті мәселелер, бизнесті дамытуға кедергі келтіретін түйткілдер және оларды шешу жолдары талқыланды.

Кездесуге қатысушылар өз ұсынысы мен бастамасын ортаға салып, аймақта кәсіпкерлікті одан әрі дамыту бағыттары жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар, партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылып, отандық кәсіпкерлікті қолдау жаңа жұмыс орындарын ашу және қолайлы бизнес-орта қалыптастыру мәселелеріне назар аударылды.

Жиын барысында кәсіпкерлер үшін әкімшілік кедергілерді азайту, бизнесті жүргізу жағдайларын жетілдіру және кәсіпкерлік бастамаларды қолдау бағытындағы ұсыныстар талқыланды. Ашық пікір айтылып, қатысушылар өз ойларын ортаға салды.

***

Сайлауалды кездесулер азаматтардың пікірін тыңдап, қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылауға арналған маңызды алаңға айналды. Ашық диалог барысында көтерілген ұсыныстар халықтың сұраныстарын ескеруге және әлеуметтік-экономикалық бағыттар бойынша алдағы жұмыстарды жетілдіруге ықпал етеді.

• ПІКІР

Саяси жаңғырудың маңызды кезеңі

Қоғамда Құрылтай сайлауы төңірегінде түрлі пікірлер айтылып жатыр. Бұл – заңды құбылыс. Өйткені, кез келген саяси жаңашылдық жұртшылықтың қызығушылығын тудырады. Алайда, Құрылтай сайлауын бір ғана сайлау науқаны ретінде бағалау мәселенің ауқымын тарылтып жібереді. Оның негізінде еліміздің мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған терең конституциялық реформалар жатыр.

Бұл реформалардың бастауы Мемлекет басшысының өткен жылғы Жолдауында қаланды. Сол кезде саяси жүйені жаңғырту, заң шығару қызметін жетілдіру, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыру жөнінде нақты міндеттер қойылды. Арнайы жұмыс тобы құрылып, жан-жақты талқылаудың нәтижесінде жаңа Конституция қабылданды. Жаңа Ата заңның күшіне енуімен бірге еліміздің саяси архитектурасында бұрын болмаған бірқатар институттар дүниеге келді. Соның бірі – Құрылтай.

Президенттің Құрылтай сайлауын тағайындауы – жаңа Конституцияда белгіленген нормаларды нақты іске асырудың алғашқы кезеңі. Яғни, бұл – қағаз жүзіндегі өзгерістердің нақты саяси тәжірибеге ұласқан сәті.

Жаңа Құрылтайдың бұрынғы заң шығарушы құрылымнан өзгешелігі де осында. Бір палаталы өкілді орган 145 депутаттан тұрады. Ең басты ерекшелігі – депутаттар партиялық тізім бойынша сайланады. Қазіргі таңда жеті саяси партиядан 500-ден астам үміткер сайлаушылар сеніміне ие болуға ұмтылып отыр. Бұл – тұлғалардың емес, саяси бағдарламалардың, идеялар мен ұстанымдардың бәсекесіне жол ашатын модель.

Кейбір азаматтар «Неліктен бір мандатты округтерден бас тартылды? Бұл биліктің тәуелсіз кандидаттардан қауіптенгені емес пе?» деген сауал қояды. Мұндай пікірлердің тууын түсінуге болады. Бірақ, мәселенің мәні бұдан әлдеқайда терең.

Қазақ халқы «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас» дейді. Өмірдің де, саясаттың да шындығы осылай. Бір мандатты округтен сайланған депутат қаншалықты білімді, тәжірибелі әрі белсенді болғанымен, күрделі заңдарды қабылдау немесе жүйелі реформаларды жүзеге асыру оңай емес. Заң шығару – жеке адамның ерік-жігерімен емес, ортақ жауапкершілік пен саяси келісім арқылы жүзеге асатын күрделі процесс.

Сондықтан, әлемнің көптеген дамыған демократиялық мемлекеттері партиялық өкілдік жүйесіне басымдық береді. Өйткені, бұл модельде жауапкершілік жеке кандидатқа ғана емес, тұтас саяси партияға жүктеледі. Сайлау кезінде берілген әрбір уәде партияның саяси міндеттемесіне айналады. Ал, бұл өз кезегінде бағдарламалардың орындалуына қоғамдық бақылауды күшейтіп, саяси жауапкершілікті арттырады.

Бүгінгі Құрылтай сайлауының мәні тек депутаттарды сайлаумен шектелмейді. Оның басты мақсаты – жаңа Конституцияның қағидаттарын өмірге енгізу, заман талабына сай заңнамалық негіз қалыптастыру және мемлекеттік басқарудың тиімділігін жаңа деңгейге көтеру.

Ең бастысы, кез келген саяси реформаның түпкі нәтижесі халықтың тұрмыс сапасымен өлшенеді. Егер қабылданған заңдар елдің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға, экономиканың дамуына, азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге қызмет етсе, онда реформаның да, Құрылтайдың да тарихи миссиясы орындалды деген сөз.

Сол себепті, Құрылтай сайлауын Қазақстанның жаңа конституциялық даму кезеңін айқындайтын маңызды белес ретінде бағалауымыз қажет. Бұның мемлекетіміздің саяси жүйесін жетілдіруге, қоғамдық келісімді нығайтуға және әділетті әрі жауапты басқару қағидаттарын орнықтыруға бағытталған маңызды қадам екенін баса айтқым келеді.

Серікжан БАЙБОСЫНОВ,
Қарағанды облыстық Қоғамдық кеңесінің төрағасы, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры

• БӘРЕКЕЛДІ!

Азия додасында – күміс жүлде

Моңғолияның Ұланбатыр қаласында жамбы атудан өткен Азия чемпионатында жерлесіміз Нұрасыл Оралхан күміс жүлдегер атанды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұрасыл байрақты бәсекеде массай стилінен командалық есепте өнер көрсетіп, Қазақстан құрамасымен бірге екінші орынға ие болды. Құрлықтың үздік мергендері бас қосқан додада Нұрасыл өз шеберлігін танытып, ел қоржынына күміс медаль салды.

Жамбы атуды жастайынан серік еткен Нұрасыл бұған дейін де республикалық жарыстарда жүлделі орындардан көрініп келеді. Ол 2023 жылы Қазақстан чемпионатында «Тайтұяқ» нысанасын дәл атып түсіріп, көпшілік назарын аударған еді. Кейін де ел біріншіліктерінде облысымыздың намысын абыроймен қорғап жүр.

Азия чемпионатындағы бұл нәтиже – жас мергеннің спорттық жолындағы тағы бір маңызды белес екені даусыз. Жамбы атушының алдағы халықаралық додаларда да биік тұғырдан көрінуіне тілектеспіз.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+ математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№237

«Бар жақсылық – балаларға»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Енді ата-аналарға мектепке табысы туралы қағаз анықтамалар өткізудің қажеті жоқ. Отбасының материалдық жағдайына қатысты барлық мәлімет «Отбасының цифрлық картасы» мен мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы Ұлттық білім беру деректер қорына автоматты түрде енгізіледі. Осы ақпарат негізінде жүйе отбасының табыс деңгейін және мемлекеттік қолдау алуға құқығын автоматты түрде анықтайды. Бұл мемлекеттік көмекті тағайындау рәсімінің ашықтығын, жеделдігін және қолайлылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Мейіржан Сыздықовтың айтуынша, 2026 жылы мектепке дайындыққа арналған біржолғы төлемнің мөлшері 50 851 теңгені құрайды. Қаражат ата-аналардың немесе заңды өкілдердің банк шоттарына тікелей аударылады. Бұл ата-аналарға мектеп формасын, аяқ киім мен қажетті оқу құралдарын өз таңдауы бойынша сатып алуға мүмкіндік береді. Материалдық көмекке қатысты барлық мәселелер бойынша ата-аналар баласы білім алатын мектеп әкімшілігіне жүгіне алады.

Облыстың барлық қалааудандарында арнайы мектеп жәрмеңкелері ұйымдастырылып, мектепке қажетті тауарлар төмендетілген бағамен ұсынылады. Білім басқармасы өңір тұрғындарын «Мектепке жол» акциясына белсенді қатысуға шақырады. Қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларға көрсетілген кез келген көмек – мектеп құралдары, киім-кешек, аяқ киім немесе қаржылай қолдау – олардың жаңа оқу жылына сапалы дайындалуына зор үлес қосады.

Балаларды жаңа оқу жылына дайындауға қатысты сұрақтар туындаса тұрғындар 50-25-00 және 50-45-25 «жедел желі» телефондарына, білім басқармасының ресми Telegram-арнасы арқылы жүгіне алады. Бұдан бөлек, облыстың барлық білім бөлімдерінде де «жедел желілер» жұмыс істейді. Азаматтардың өтініштерін жедел қарау үшін ресми сайттар мен әлеуметтік желілердегі парақшаларда бөлім басшыларының байланыс деректері орналастырылған.

– Біздің ортақ мақсатымыз – әрбір баланың 1 қыркүйекте мектеп табалдырығын толық дайындықпен аттауына, мемлекет пен қоғамның қамқорлығын сезінуіне және сапалы білім алуына тең мүмкіндік жасау, – дейді Мейіржан Сыздықов.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● САДАҚ АТУ

Мергендердің мерейі үстем болды

Қарағандыда дәстүрлі садақ атудан ересектер арасында Мәди Бапиұлы атындағы Қазақстан Кубогы өз мәресіне жетті. Үш күнге созылған дүбірлі додаға еліміздің 19 өңірінен 200-ден астам спортшы қатысып, мергендігі мен шеберлігін сарапқа салды. Жарыстың шешуші кезеңіне облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов пен облыстың ұлттық спорт түрлері қауымдастығының төрағасы Нұркен Кобжанов қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел кубогы «Пута», «Қалқан», «Орта Азия» және «Жамбы» нысанасы бойынша өтті. Доданың алғашқы күнінде спортшылар «Пута» және «Қалқан» нысанасында бақ сынаса, екінші күні «Орта Азия» мен «Жамбы» нысанасында өзара мықтыны анықтады.

– Кіл мықтыларды біріктірген осындай ауқымды турнир қатысушыларын қабылдау – Қарағанды облысы үшін үлкен мәртебе. Мәди Бапиұлы атындағы турнир дәстүрлі садақ атуды дәріптеу мен насихаттау, сондай-ақ, жастардың халқымыздың ұлттық құндылықтары мен мәдени мұрасына деген қызығушылығын нығайту үшін ерекше маңызға ие. Спортшыларға, жаттықтырушыларға, федерация басшыларына және барлық ұлттық спорт жанашырларына оны дамытуға және бай дәстүрлерімізді сақтауға қосқан зор үлесі үшін алғыс білдіремін. Барлық қатысушыларға нысананы дәл көздеп, жоғары нәтижелерге қол жеткізуді және әділ, әрі тартысты бәсеке тілеймін! – деді Нұркен Кобжанов.

«Пута» – дәстүрлі түркі садақ ату өнерінде қолданылатын арнайы нысана түрі. Бәсеке ережесіне сәйкес ерлер – 70 метр, әйелдер – 60 метр қашықтықтан мергендік сынайды. Әр спортшыға тоғыз оқпен жеті мүмкіндік беріледі. Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша ең жоғары ұпай жинаған 32 мерген плей-офф кезеңіне жолдама алады. Одан әрі бәсеке жеңімпаз анықталғанға дейін плей-офф жүйесі бойынша жалғасады. Ал, «Қалқан» нысанасы бойынша сайыста мерген мен нысана арасы – 50 метр. Бұл санатта ұлдар мен қыздар бірдей бақ сынай алады. Әр спортшыға тоғыз оқпен жеті мүмкіндіктен.

– «Жамбы» нысанасы – қазақтың дәстүрлі садақ ату өнеріне негізделген сайыс түрі. Мұнда нысананың өлшемі – 25×15 сантиметр. Ату қашықтығы 30 метрден басталады. Жарыс ережесіне сәйкес әр қатысушыға бес оқтан бес мүмкіндік беріледі. Осылайша, мергендер іріктеу кезеңінде барлығы 25 рет оқ атып, плей-офф кезеңіне жолдама үшін бақ сынайды. Одан кейін әр раундта бес оқтың үшеуін пайдаланып, өзара мықтыны анықтайды, – деді ерлер арасында дәстүрлі садақ атудан Қарағанды облысындағы тұңғыш спорт шебері Нұрбол Жеңісов.

Биылғы ел кубогында есте қаларлық рекорд тіркелді. Ерлер арасындағы бәсекеде алматылық Абдулла Дүйсен төрт нысананың төртеуінде де топ жарып, төрт алтын медальді бірдей еншіледі. Осылайша, ел чемпионатында төрт алтынды жеңген алғашқы спортшы атанды. Сонымен қатар, «Орта Азия» нысанасы бойынша әйелдер арасындағы финалдық бәсеке де көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Ақтық сынға бір әулеттің өкілдері енесі мен келіні қатар шыққан. Тартысты додада келін енесіне жол беріп, жеңісті аға буынға сыйлады.

Командалық есепте Алматы құрамасы төрт алтынмен жеңімпаз атанды. Шығыс Қазақстан облысы екі алтын, төрт күміс еншілеп, II орынға жайғасты. Ал, Шымкент бір алтын және үш қола медальмен үздік үштікті түйіндеді.

Суреттер ұйымдастырушылардан

● ХОККЕЙ

Жаңа маусымға дайын

Дене шынықтыру және спорт басқармасы мен Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен Орталық саябақта «Сарыарқа» хоккей клубы мен «Qarmet» жастар клубының жаңа маусым алдындағы таныстырылымы өтті. Айтулы шара барысында қос ұжымның жаңарған құрамы, бапкерлер штабы және алдағы маусымға арналған мақсат-міндеттері көпшілікке ресми түрде таныстырылды. Жиынға басқарма басшысы Нұркен Нұратов пен «Сарыарқа» хоккей клубының директоры Берік Тұямашев қатысып, ізгі тілегін білдірді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелі сахна төріне «Qarmet» жастар командасы көтеріліп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Шара барысында команда клубтың жаңарған логотипі мен жаңа маусымға арналған спорттық киім үлгісін таныстырды. Ұжымның жаңа нышаны – арыстан бейнесі. Ол қайсарлық пен өр мінезді, күш-қуат пен жеңіске деген жігерді айшықтайтын символ ретінде таңдалған. Артынша сахна төріне қарағандылық «Сарыарқаның» негізгі құрамы көтеріліп, жанкүйерлерімен жүздесті. Бүгінде олар жазғы оқу-жаттығу жиындарын толығымен аяқтаған. Жаңа маусым қарсаңында шеберлігін шыңдап, бабын бекемдеген. Енді олар жаңа маусымда мұз айдынында бар күшін көрсетіп, жанкүйерлерін жарқын ойындарымен қуантуға ниетті. Ең басты жаңалықтың бірі – қос клубтың да бапкерлер штабын сақтап қалуы. «Сарыарқаны» Владимир Князев, ал, «Qarmet» командасын Максим Худяков жаттықтыра береді.

– Биыл «Сарыарқа» хоккей клубының құрылғанына 20 жыл. Бұл – клубтың қалыптасқан даңқты дәстүрі мен жеңіске толы шежіресінің айқын көрінісі. Команда тарихында алтын әріппен жазылған айтулы сәттер аз емес. Біз сол сара жолды лайықты жалғастырып, қалыптасқан дәстүрді сақтай отырып, сүйікті командамызды жаңа белестерге бастау үшін бар күш-жігерімізді саламыз, – деді Нұркен Қанатұлы.

«Сарыарқаның» бас бапкері Владимир Князев те сөз сөйлеп, жанкүйерлерге ақжолтай тілегін жеткізді. Ол жаңа маусымда команданың алдына жоғары мақсат қойылғанын атап өтті.

– Барша жанкүйерлерімізге ең алдымен денсаулық, амандық пен береке тілеймін. Ал, жігіттерге айтарым – жарақаттан аман болып, мұз айдынында біртұтас команда ретінде өнер көрсету. Біз көш бастап, жанкүйерлерімізді тартысты әрі нәтижелі ойындармен қуантқымыз келеді, – деді ол.

Өткен маусымда «Qarmet» жастар командасы ел чемпионатының алтынына бір қадам жерден тоқтап, күміс жүлдені еншілеген. Бас бапкер Максим Худяков шәкірттерінің жаңа маусымда бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізетінін баса айтты.

– Өткен маусымда тұрақты чемпионатта топ жарып, плей-офф кезеңінде II орын алдық. Бұл – жаман көрсеткіш емес. Биыл да алдымызға қойған мақсатымызға жетіп, жанкүйерлеріміздің сенімін ақтаймыз деп үміттенемін. Осындай әсерлі әрі тағылымды кешті ұйымдастырған жандарға алғысым шексіз, – деді ол.

Айта кетейік, Pro Hokei Ligasy-ның жаңа маусымы 1 қыркүйекте басталады. Жерлестер алғашқы кездесуін өз айдынында өткізіп, Атыраудың «Бейбарыс» клубын қабылдайды. Ал, оған дейін 14 тамызда Қазақстан Кубогы сарапқа салынады. Қазіргі кубок иегері – өскемендік «Торпедо». Биыл елдің үздік он командасы қатысып, жаңа чемпиондық атақ үшін барын салады. Жарыстың топтық кезеңі Қарағанды мен Өскемен қалаларында өтсе, кубок иегері Қарағандыда өтетін финалдық бәсекеде анықталады.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

Қылқалам ұшындағы шежіре

Тарихты сақтаудың сан алуан жолы бар. Соның бірі – оны өнер арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізу. Қылқалам шеберінің туындысы белгілі бір кезеңнің көрінісін ғана емес, адамдардың еңбегін және туған жердің болмысын да таныта алады. Қарағанды облысының 90 жылдығына арналған «09-90. Бейнелеу өнеріндегі өлке тарихы» көрмесі осы мақсатты көздейді. Көрме «Saryarqa Creative Hub» креативтік орталығында ашылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды өңірінің тарихы өндіріс пен еңбекке тығыз байланысты. Алғашқы кеншілер қоныстарынан басталған аймақ бүгінде Қазақстандағы ірі өнеркәсіптік, ғылыми және мәдени орталықтың біріне айналды. Осы ұзақ жол көрмедегі кескіндеме және графика туындылары арқылы көрерменге ұсынылып отыр. Шығармалардан Қарағанды даласының өткені мен бүгінін, өңірдің қалыптасу кезеңдерін және осы өлкенің тағдырымен біте қайнасқан адамдардың өмірін көруге болады.

– Бүгінде Жастар ресурстық орталығы өңірдегі креативті индустрияларды дамыту бағытындағы жұмыстарды үйлестіреді. Креативті индустрияны тек қолөнермен байланыстыруға болмайды. Бұл салаға бейнелеу өнері, дизайн, моушн-дизайн, логотип жасау, 3D-модельдеу сияқты көптеген бағыт кіреді. Осы көрме арқылы креативті индустрияның мүмкіндігін кеңінен көрсеткіміз келеді. Қазіргі экспозиция бейнелеу өнеріне арналған. Жаңа оқу жылынан бастап, мектептер мен жоғары оқу орындарының топтарын қабылдау үшін арнайы кесте де жасалады. Біздің мақсатымыз – өңірдегі шығармашылық бағыттарды кеңінен таныту және жастарға өз қабілетін көрсетуге мүмкіндік беру, – деді облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Аслан Қабегенов.

Көрермен назарына Гилярий Гилевский, Павел Андриюк, Виктор Буш, Сергей Ежак және Виктор Крылов сынды суретшілердің еңбектері ұсынылған. Олардың шығармаларында шахтерлер өлкесінің тынысы мен Қарағанды өңірінің өзіндік ерекшелігі әртүрлі көркемдік тәсілдер арқылы берілген. Бір туындыдан өндірістік қаланың келбеті байқалса, енді бір шығармадан туған өлкенің табиғатын немесе тарихи кезеңнің белгісін аңғаруға болады. Көрменің мазмұны Қарағанды облысының дамуына елеулі үлес қосқан тұлғалардың есімдерімен де толықтырылған. Экспозицияда қазақтың көрнекті ақыны, публицист әрі аудармашы Қасым Аманжоловтың, ұлы ғалым-геолог Қаныш Сәтбаевтың, Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің, профессор, геология ғылымдарының докторы Александр Гапеевтің және Қарағандының алғашқы дәрігерлерінің бірі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген хирургі Герман Алалыкиннің есімдері аталады.

Көрме аясында мәдениет пен шығармашылыққа қатысты маңызды бастама да қолға алынды. Облыстық жастар ресурстық орталығы мен облыстық бейнелеу өнері музейі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат екі ұйымның ұзақ мерзімді әріптестігін дамытуға бағытталған.

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

– Меморандумға қол қою біз үшін жай ғана ресми рәсім емес, алдағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың бастауы. Жастар ресурстық орталығы тарапынан ұсыныс түскенде, біз бірден қолдадық. Мұндай серіктестік музей қорын кеңінен таныстыруға, суретшілердің еңбектері мен шығармашылық жолын жастарға көрсетуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Бүгінде бірлесіп жүзеге асыратын көптеген идеялар бар, – деді облыстық бейнелеу өнері мұражайының директоры Бибігүл Құдабаева.

Меморандум аясында шығармашыл жастарды қолдау мәселесіне басымдық беріледі. Бейнелеу өнерін дәріптеуге арналған жобалар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, облыста креативті индустрияларды дамытуға қолайлы орта қалыптастыру көзделген.

Сурет автордан

● ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Аланның асуы



Үстел теннисінен АҚШ-тың Спокан қаласында өткен WTT Youth Contender халықаралық турнирінде Ұлттық құрама өкілі Алан Құрманғалиев жеңіске жетті. Жерлесіміз турнирде төрт кездесу өткізіп, қарсыластарын шаң қаптырды.

Әуелі американдық Алекс Лонмен кездесіп, 3:1 есебімен басым түскен. Одан кейін қос американдық спортшы Ширбхат Абхинав пен Эндрю Цаоны 3:0 есебімен таза жеңіп, ақтық кезеңге жолдама алды. Ал, финалда жерлесіміз аустралиялық Чулун Не Чулунды 3:1 есебімен айласын асырып, чемпион атанды.

Өз тілшімізден

Сурет ҰОК

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ІЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 264

№86 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ербол ЕРБОЛАТ**